

Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесінің мәжілісін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 қыркүйек N 1359

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 6 қазанда Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) мәжілісі өткізілсін.

2. 1-қосымшаға сәйкес Кеңес жұмысына қатысатын Қазақстан Республикасы ресми делегациясының құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Кеңес мәжілісінің шеңберінде кездесу үшін көзделген толық ауқымда іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ құжаттамалық және ақпараттық қызмет көрсетулерді қамтамасыз етсін;

Республикалық Ұланмен (келісім бойынша) бірлесіп, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ресми делегацияларын Астана қаласының әуежайында қарсы алу мен шығарып салуды ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): ресми делегациялардың мүшелерін, сарапшыларды, бірге жүретін адамдарды және алдыңғы топтарды орналастыру мен қызмет көрсету;

ресми делегациялардың орналасқан жерінде Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі қызметкерлері үшін нөмірлер бөлу; делегациялар мүшелерін және бірге жүретін адамдарды автокөлікпен қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдау өткізу; Астана қаласы әуежайының VIP залында (қарсы алу және шығарып салу кезінде) шай дастарқанын ұйымдастыру;

делегацияларға бекітілген ҚР СІМ-нің қызметкерлеріне байланыс құралдарын бөлу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

5. Кеңеске мүше мемлекеттердің делегацияларына қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында оларға 2-қосымшаға сәйкес министрліктер бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен Кеңес мәжілісіне қатысушы үкімет басшыларының арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен кедергісіз ұшуын қамтамасыз етсін;

арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, тұрақ беруді және жанармай құюды ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі Кеңес мәжілісіне қатысушы ресми делегациялардың қауіпсіздігін, әуежайда, олардың жол жүру бағыттары бойынша және болатын орындарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

8. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды қарсы алу мен шығарып салу (делегациялар басшыларына гүл беру), жол жүру бағыттары бойынша, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі барлық ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Кеңес мәжілісі шеңберіндегі іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария ету жөніндегі қажетті жұмыстарды ұйымдастырсын.

10. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Кеңес мәжілісі шеңберіндегі іс-шараларды өткізуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен қаражат б ө л с і н .

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 8 қыркүйектегі
N 1359 қаулысымен
бекітілген

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Үкімет басшыларының кеңесі
жұмысына қатысатын Қазақстан Республикасы
ресми делегациясының
Құрамы

Ресми делегация

Тоқаев - Қазақстан Республикасының
Қасымжомарт Кемелұлы Премьер-Министрі

Ыдырысов - Қазақстан Республикасының
Ерлан Әбілфайызұлы Сыртқы істер министрі

Школьник - Қазақстан Республикасының
Владимир Сергеевич Энергетика, индустрия және
сауда министрі

Кәкімжанов - Қазақстан Республикасының
Зейнолла Қалидоллаұлы Мемлекеттік кіріс министрі

Құлекеев - Қазақстан Республикасының
Жақсыбек Әбдірахметұлы Экономика министрі

Есенбаев - Қазақстан Республикасының
Мәжит Төлеубекұлы Қаржы министрі

Бірге жүретін адамдар

Қожақов - Қазақстан Республикасының
Асан Егінбайұлы Сыртқы істер министрлігі
ТМД істері жөніндегі
комитетінің төрағасы

Черепанов - Қазақстан Республикасы
Александр Михайлович Премьер-Министрі
Хатшылығының меңгерушісі

Қанапиянов - Қазақстан Республикасы
Сержан Мұсаханұлы Премьер-Министрінің
Кеңсесі Сыртқы байланыстар
бөлімінің меңгерушісі

Нүкенов - Қазақстан Республикасының
Маратқали Ордабайұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің төрағасы

Асанов - Қазақстан Республикасының
Жандос Әнуарұлы Премьер-Министрі
Хатшылығы меңгерушісінің
орынбасары - Хаттама
қызметінің жетекшісі

Әділбаев - Қазақстан Республикасының
Жалғас Жұмайұлы Сыртқы істер министрлігі
Протоколының бастығы

Жұмалы - Қазақстан Республикасы
Расул Берекетұлы Премьер-Министрінің
Баспасөз хатшысы

Сарапшылар

Ахметов - Қазақстан Республикасының
Әбутәліп Ібіжанұлы Сыртқы істер министрлігі
ТМД істері жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары

Мүкүшев - Қазақстан Республикасының
Айдарбек Қасымұлы Сыртқы істер министрлігі
ТМД істері жөніндегі
комитетінің референті

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 8 қыркүйектегі
N 1359 қаулысымен
бекітілген

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің делегацияларына бекітілген
Қазақстан Республикасы министрліктерінің
Тізімі

Беларусь Республикасы	!Қазақстан Республикасының
	!Мемлекеттік кіріс министрлігі
	!(З.Қ. Кәкімжанов)

Қырғыз Республикасы	!Қазақстан Республикасының
	!Экономика министрлігі
	!(Ж.Ә.Құлекеев)

Ресей Федерациясы	!Қазақстан Республикасының
	!Энергетика, индустрия және
	!сауда министрлігі
	!(В.С.Школьник)

Тәжікстан Республикасы	!Қазақстан Республикасының
	!Қаржы министрлігі
	!(М.Т.Есенбаев)

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК